



## Қазақстан Республикасының Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 11-II

Қазақстан Республикасы Гаагада 1961 жылғы 5 қазанда жасалған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылсын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

Француз тілінен аударылған

### Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын Конвенция

*(2001 жылғы 30 қаңтарда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

Осы Конвенцияға қол қоюшы мемлекеттер,  
Шетелдік ресми құжаттарды дипломаттық немесе консульдық заңдастыру талаптарын жоюға ниет білдіре отырып,  
Осыған байланысты Конвенция жасасуды шешті және мына төмендегі ережелерге келісті:

#### 1-бап

Осы Конвенция уағдаласушы мемлекеттердің бірінің аумағында жасалған және екінші уағдаласушы мемлекеттің аумағына ұсынылуы тиіс ресми құжаттарға қолданылады.

Осы Конвенцияның тұрғысында ресми құжаттар ретінде:

- a) прокуратурадан, соттың хатшысынан немесе соттың атқарушысынан шығатын құжаттарды қоса алғанда мемлекеттің құзырына бағынатын органнан немесе лауазымды тұлғадан шығатын құжаттар;
- b) әкімшілік құжаттар;
- c) нотариалдық актілер;
- d) тіркеу туралы белгі сияқты ресми белгілер; белгілі бір күнді растайтын визалар; нотариуста расталмаған құжаттағы қолды растау қарастырылады.

Сонымен бірге, осы Конвенция:

- a) дипломаттық немесе консульдық агенттер жасаған құжаттарға;
- b) коммерциялық немесе кедендік операцияларға тікелей қатысы бар әкімшіліктік құжаттарға қолданылмайды.

#### 2-бап

Уағдаласушы мемлекеттердің әрқайсысы осы Конвенция қолданылатын және өзінің аумағына ұсынылуы тиіс құжаттарды заңдастырудан босатады. Осы Конвенцияның тұрғысында заңдастыру

қолдардың түпнұсқалығын, құжатқа қол қойған адамның кім екендігін және тиісті жағдайларда бұл құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын куәландыру үшін құжат аумағына ұсынылуы тиіс елдің дипломаттық немесе консульдық агенттері пайдаланатын шартты рәсім ғана ұғылады.

### 3-бап

Қолдардың түпнұсқалығын, құжатқа қол қойған адамның кім екендігін және тиісті жағдайларда бұл құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын куәландыру үшін талап етілуі мүмкін болатын бірден-бір шарттылық бұл құжат жасалған елдің құзыретті органының 4-бапта көзделген апостильді қою болып табылады.

Алайда, осының алдындағы абзацта айтылған функцияларды орындау, егер құжат ұсынылған мемлекетте қолданылып жүрген заң, тәртіп немесе дәстүр не екі немесе бірнеше Уағдаласушы мемлекеттердің арасындағы уағдаластық аталған рәсімді тоқтатса немесе оңайлатса немесе құжатты заңдастырудан босатса талап етіле алмайды.

### 4-бап

3-баптың бірінші абзацында көзделген апостиль құжаттың өзіне немесе құжатпен бірге берілген жеке параққа қойылады; ол осы Конвенцияға қоса берілген үлгіге сәйкес келуі тиіс.

Алайда, ол оны берген органның ресми тілінде жасалуы мүмкін. Ондағы тармақтар да екі тілде жазылуы мүмкін. "Apostille (Coinvention de la Haye du 5 octobre 1961)" деген тақырып француз тілінде болуы тиіс.

### 5-бап

Апостиль қол қоюшы адамның немесе құжатты кез келген ұсынушының ұсынысы бойынша қойылады.

Лайықты түрде толтырылған ол қолдардың түпнұсқалылығын, құжатқа қол қойған адамның кім екендігін және тиісті жағдайларда бұл құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын куәландырады.

Апостильге қойылған қол, мөр немесе мөртаңба ешқандай растауды талап етпейді.

### 6-бап

Әрбір Уағдаласушы мемлекет олардың ресми функцияларын ескере отырып 3-баптың бірінші абзацында көзделген апостильді қоюға өкілеттік берілетін органдарды тағайындайды.

Ол бұл тағайындау туралы өзінің бекіту грамотасын немесе қосылу туралы грамотаны немесе оның қолданылуын тарату туралы өтінішті сақтауға тапсырған сәтте Нидерландының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды. Ол Министрлікке бұл органдарды тағайындаудағы кез келген өзгерістер туралы да құлақтандырады.

### 7-бап

6-бапқа сәйкес тағайындалған көрсетілген органдардың әрқайсысы ол бұл ретте:

- a) апостильдің реттік нөмірі мен қол қойылған күнін;
- b) ресми құжатқа қол қойған адамның тегін және оның кім екендігін, ал қол қойылмаған құжаттарға қатысты - мөр немесе мөртаңба қойған органға сілтемені көрсете отырып қойылған

апостильдерді тіркейтін жазбалар кітабын немесе картотекасын жүргізуі тиіс.

Апостильді қойған орган кез келген мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша онда жасалған жазбалар жазбалар кітабына немесе картотекаға енгізілген мәліметтермен сәйкес келетіндігін тексеруге міндетті.

## **8-бап**

Егер екі немесе бірнеше уағдаласушы мемлекеттердің арасында қолдарды, мөрлерді немесе мөртаңбаларды куәландыру үшін белгілі бір шарттылықтарды талап ететін ережені қамтитын шарт, конвенция немесе келісім жасалған болса, осы Конвенция тек, егер оларда көрсетілген шарттылықтар 3 және 4-баптарда көзделген шарттылықтан неғұрлым қатаң болып табылатын жағдайда ғана бұл ережелерден бас тартуды көздейді.

## **9-бап**

Әрбір уағдаласушы мемлекет оның дипломаттық немесе консульдық агенттері осы Конвенция ондайдан босататын жағдайларды заңдастыруды жүргізбеу үшін қажетті шаралар қабылдайды.

## **10-бап**

Осы Конвенция халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының тоғызыншы сессиясына ұсынылған мемлекеттердің, сондай-ақ Ирландияның, Исландияның, Лихтенштейннің және Түркияның қол қоюы үшін ашық.

Ол бекітуге жатады және бекіту грамоталары Нидерландының Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады.

## **11-бап**

Осы Конвенция 10-баптың екінші абзацында көзделген үшінші бекіту грамотасы сақтауға тапсырылғаннан кейінгі алпысыншы күні күшіне енеді. Конвенцияға қол қойған, оны кейінірек бекіткен әр мемлекет үшін ол өзінің бекіту грамотасын сақтауға тапсырғаннан кейінгі алпысыншы күні күшіне енеді.

## **12-бап**

10-бапта өзі туралы сөз болмаған кез келген мемлекет 11-баптың бірінші абзацына сәйкес ол күшіне енгеннен кейін осы Конвенцияға қосыла алады. Қосылу туралы құжат Нидерландының Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады. Қосылу тек 15-баптың "d" тармағында көзделген құлақтандыруды алғаннан кейін алты айдың ішінде оған қарсы наразылық айтпаған қосылушы мемлекеттер мен уағдаласушы мемлекеттердің арасындағы қатынастарға жарамды.

Конвенция қосылушы мемлекеттер мен қосылуға қарсы наразылық ұсынбаған мемлекеттердің арасында осының алдындағы абзацта көрсетілген алты айлық мерзім аяқталғаннан кейінгі алпысыншы күні күшіне енеді.

## **13-бап**

Кез келген мемлекет қол қою, бекіту немесе қосылу сәтінде осы Конвенцияны ол халықаралық деңгейде білдіретін барлық аумақтарға не бұл аумақтардың біріне немесе кейбіреуіне қолданылатындығын мәлімдей алады. Бұл мәлімдеме осы мемлекет үшін Конвенция күшіне енген сәттен бастап жарамды деп есептеледі.

Одан әрі Нидерландының Сыртқы істер министрлігі оның қолданылуының кез келген нақты таралуы туралы құлақтандырылады.

Егер қолданылуының таралуы туралы мәлімдемені Конвенцияға қол қойған және бекіткен мемлекет жасаса, соңғысы 11-баптың ережесіне сәйкес онда көрсетілген аумақтарға қатысты күшіне енеді. Егер таралуы туралы мәлімдемені Конвенцияға қосылушы мемлекет жасаса соңғысы 12-баптың ережелеріне сәйкес онда көрсетілген аумақтарға қатысты күшіне енеді.

## 14-бап

Осы Конвенция 11-баптың бірінші абзацына сәйкес, оның ішінде кейіннен оны бекітетін немесе оған қосылатын мемлекеттерге қатысты да, ол күшіне енген күннен бастап бес жылдың ішінде қолданылады.

Егер Конвенцияның күші жойылмаса оның қолданылуы тараптардың үнсіз келісімімен одан кейінгі әрбір бес жылға созылады.

Нидерландының Сыртқы істер министрлігі бес жылдық мерзім аяқталғанға дейінгі алты айдан кешіктірілмей күшін жою туралы құлақтандырылады.

Күшін жою Конвенцияның қолданылуы таралатын кейбір аумақтармен шектелуі мүмкін.

Күшін жоюдың ол туралы құлақтандырған мемлекетке қатысты ғана күші болады.

Конвенция басқа уағдаласушы мемлекеттерге қатысты күшінде қалады.

## 15-бап

Нидерландының Сыртқы істер министрлігі 10-бапта айтылған мемлекеттерге, сондай-ақ 12-баптың ережелеріне сәйкес қосылушы мемлекеттерге:

a) 6-баптың екінші абзацында айтылған құлақтандырулар туралы;

b) 10-бапта айтылған қол қоюлар мен бекітулер туралы;

c) 11-баптың бірінші абзацының ережелеріне сәйкес осы Конвенцияның күшіне енген күні туралы;

d) 12-бапта айтылған қосылулар мен қарсылық білдірулер туралы және қосылудың күшіне енген күні туралы;

e) 13-бапта айтылған қолданудың таралуы туралы және оның күшіне енген күні туралы;

f) 14-баптың үшінші абзацында айтылған күшін жоюлар туралы хабарлайды.

Осыны куәландырып лайықты түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

1961 жылғы 5-қазанда Гаагада француз және ағылшын тілдерінде (мәтіндердің арасында алшақтық болған жағайда французша мәтінге басымдық беріледі), Нидерланд Үкіметінің архивіне сақтауға Тапсырылатын және расталған көшірмесі дипломаттық арналар бойынша халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының тоғызыншы сесиясына ұсынылған әр мемлекетке, сондай-ақ Ирландияға, Исландияға, Лихтенштейнге және Түркияға жолданатын бір данада жасалды.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер  
(1992 жылғы наурыздағы жағдайы бойынша)

1. Антигуа мен Барбуда
2. Аргентина
3. Австрия

4. Багам аралдары
5. Бельгия
6. Ботсвана
7. Бруней
8. Ұлыбритания
9. Венгрия
10. Греция
11. Израиль
12. Италия
13. Испания
14. Кипр
15. Лесотто
16. Лихтенштейн
17. Люксембург
18. Малави
19. Мальта
20. Мавритания
21. Маршал аралдары
22. Нидерланды
23. Норвегия
24. Панама
25. Португалия
26. Ресей Федерациясы
27. Свазиленд
28. Сейшель аралдары
29. Суринам
30. АҚШ
31. Тонга
32. Түркия
33. Фиджи
34. Финляндия
35. Франция
36. ФРГ
37. Швейцария
38. Югославия
39. Жапония

Конвенцияға қосымша (g990011)

Апостильдің үлгісі

Апостиль екі жағы 9 сантиметрден кем емес төрт бұрышты нысанда болады.

\_\_\_\_\_  
APOSTILLE

(Coinvention de la Haye du 5 octobre 1961)

1. Ел \_\_\_\_\_

Осы ресми құжатқа

2. \_\_\_\_\_ ретінде

3. қол қойды (тегі) \_\_\_\_\_

4. мөрмен/мөртаңбамен бекітілді (мекеменің атауы)

Куәландырылды

5. \_\_\_\_\_ 6. Күні \_\_\_\_\_

7. (куәландырушы органның атауы) \_\_\_\_\_

8. N \_\_\_\_\_

9. мөр/мөртаңба \_\_\_\_\_ 10. қолы \_\_\_\_\_

Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру  
талаптарын жою туралы конвенцияға қосылудың құралы

1961 жылғы 5 қазанда Гаага қаласында орындалған шетелдік ресми құжаттарға арналған заңсыздандыру талаптарын жою туралы конвенцияны (бұдан әрі "Конвенция") назарға ала отырып.

Сондай-ақ Конвенцияның ол күшіне енгеннен кейін Нидерланд Корольдігі Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп құралдары іске қосу жолымен 11-баптың бірінші параграфына сәйкес қосыла алатындықтан.

Және \_\_\_\_\_ Үкіметі Конвенцияның қатысушысы болуды шешкендіктен.

Қазіргі уақытта \_\_\_\_\_ Үкіметі шетелдік ресми құжаттарға арналған заңдастыру талаптарын жою туралы конвенцияны қарап осымен Конвенцияға қосылады және ондағы қамтылған ережелерді орындауға міндеттенеді.

Осыны дәлелдеп, Мен, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ Сыртқы істер министрі қосылу құралына қол қойдым және өзімнің қызметтік мөріммен бекіттім.

Орындалды \_\_\_\_\_ (жері) \_\_\_\_\_ (күні) қолы

Депозитарлық рәсімдер  
(Нидерланд Корольдігінің Үкіметіне сақтауға  
берілген көпжақты Шарттар)

A. Шарттарға қол қою және грамоталарды сақтауға тапсыру рәсімі

1. Дайындық Дайындықты Сыртқы істер министрлігінің Шарттар бөлімі жүргізуі тиіс (тел. 070-3484918).

2. Рәсім Рәсім Шарттар бөлімі бастығының немесе оны алмастыратын ресми адамның қатысуымен Шарттар бөлімінде жүргізілетін болады.

3. Оңайлатылған депозит

Бекіту, қосылу және т.б. құралдарын сақтауға тапсыруға қатысты Шарттар бөлімінде ресми рәсімнің немесе құралды берудің арасындағы таңдау мүдделі Елшілікте қалады.

4. Құралды Шарттар бөліміне жолдау

Жоғарыдағы 3 параграфта айтылған екінші нұсқаны таңдаған жағдайда Елшіліктерден құралды бұл арна бойынша берілген құжаттың жоғалуы тәуекелінен басқа ол Шарттар бөліміне сол күні түспеуі мүмкін болғандықтан сыртқы немесе ішкі почта бойынша жөнелтпей Шарттар бөліміндегі ресми адамның жеке қолына тапсыру сұралады.

B. Депозитарийлік практика

5. Шарттылықтарды орындауға құқығы бар орган Нидерланд Корольдігі ұстанатын, Шарттар туралы Заң бойынша айтарлықтай дәрежеде Вена Конвенциясы кодтандырған халықаралық практикаға сәйкес Шарттарға қатысты мемлекеттің атынан орындалатын шарттылықтар Мемлекеттің Басшысынан, Үкіметтің Басшысынан немесе Сыртқы істер министрінен немесе жоғарыда айтылған үш билік органының бірі өкілеттік берген адамнан шығуы тиіс.

6. 5 параграфты орындау жөніндегі шарттылықтар Жоғарыда сипатталған практика қол қоюға, бекітуге, мақұлдауға, қабылдауға, қосылуға және күшін жоюға қатысты.

Ескертулерді, уақытша қолдану немесе аймақтық қолдану, уәкілетті өкімет органдарын

тағайындау туралы құлақтандыруларды немесе тиісті Шартты орындау немесе оны құқықтар мен міндеттерге қатысты өзгерту мақсатындағы кез келген басқа да актіні жасау және кері қайтарып алу Елшілік (Басшысының) хатының немесе Нотасының негізінде жасалуы қажет.

Бүкіл құрал ағылшын немесе француз тілінде жасалуы немесе ағылшын немесе француз тілдеріндегі ресми аудармасы қоса берілуі тиіс.

#### 7. Сақтауға тапсыру жөнінде өкілеттіктер беру

Егер бекіту, қосылу және т.б. құралы Мемлекет Басшысының, Үкімет Басшысының немесе Сыртқы істер министрінің қолы қойылып жасалса және бұл құрал толық мөлшерде Үкіметтің өзіне Шарт бойынша міндеттеме алу ниетін анық білдірсе, назарға қабылданады; бұл жағдайда өкілге құралды сақтауға тапсыру үшін өкілеттік беретін қосымша құжат міндетті емес.

#### 8. Кабельдік және телекстік байланыс (шұғыл жағдайларда)

Бар практикаға сәйкес шұғыл жағдайларда Шарттар Бөлімінің Бастығы төмендегі жағдайларды әдеттегі актілердің немесе құралдардың күші барлардың орнына кабельдік, телекстік және факсимильдік хабар қабылдайды:

а. Әдетте мемлекеттің атынан халықаралық деңгейде өзіне міндеттеме алуға уәкілеттендірілген ретінде (жоғарыдағы 5 параграфты қараңыз) қаралатын биліктің үш органының бірінің кабельдік, телекстік немесе факсимильдік хабары осы билік органының атауын қамтуы тиіс және ағылшын немесе француз тілдерінде орындалуы қажет.

б. Алынған кабельдік, телекстік немесе факсимильдік хабар дұрыс ресімдеуге жатады, ал бұл құжаттың лайықты нысанда таяу уақытта жолдануы тиіс екендігін білдіреді.

#### 9. Хат-хабар

Елшіліктерден депозитарлық мәселелер бойынша барлық хаттар мен ноталарды Сыртқы істер министрлігінің Шарттар бөліміне жолдау сұралады.